

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Қорғаныс министрлігі арасындағы "Дала бүркіті-2004" бірлескен әскери оқу-жаттығуын өткізу жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 шілдедегі N 801 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Қорғаныс министрлігі арасындағы "Дала бүркіті-2004" бірлескен әскери оқу-жаттығуын өткізу жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Қорғаныс министрлігі арасындағы "Дала бүркіті-2004" бірлескен әскери оқу-жаттығуын өткізу жөніндегі өзара түсіністік туралы МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - Тараптар)

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен бірлесіп Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін "Дала бүркіті-2004" әскери оқу-жаттығуына (бұдан әрі - оқу-жаттығу) Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі Қарулы Күштері жеке құрамының қатысуына байланысты мәселелерді және қабылдайтын Тараптың қолдау көрсету мәселелерін реттеуге ниет білдіре отырып,

1951 жылғы 19 маусымда Лондонда жасалған Солтүстік Атлантика шартына қатысушы мемлекеттер арасындағы олардың күштерінің мәртебесіне қатысты келісімнің ережелеріне (бұдан әрі - NATO-SOFA), сондай-ақ 1995 жылғы 19 маусымда Брюссельде Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігімен, 1996 жылы 31 шілдеде Қазақстан Республикасымен жасалған олардың Қарулы Күштерінің мәртебесіне қатысты Солтүстік Атлантика шартына қатысушы мемлекеттер мен "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасына қатысушы басқа да мемлекеттер арасындағы оның Қосымша хаттамасына қатысты келісімнің ережелеріне сүйене

о т ы р ы п ,

2000 жылғы 16 қарашада Лондонда жасалған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Қорғаныс министрлігі арасындағы Қорғаныс саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумның (бұдан әрі - Қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум) ережелері негізінде іс-қимыл жасай

о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы өзара түсіністікке қол жеткізді:

1-бап

Айқындау

Осы меморандумда мынадай терминдер қолданылады:

"Британ Күштері" - оны өрістетуге үшін қажетті ұшақтарын, көлігін, жабдықтарын, азық-түлігін және басқа да мүліктерін қоса алғанда, оқу-жаттығуға қатысатын Ұлыбритания Қарулы Күштері бөлімшесінің жеке құрамы;

"Қабылдайтын Тараптың қолдауы" (ҚТҚ) - оқу-жаттығу өткізу уақытында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Британ Күштерін әскери және а з а м а т т ы қ қ о л д а у ы ;

"Оқу-жаттығу өткізу аудандары" - Британ Күштері қатысатын оқу-жаттығуды өткізу жоспарымен белгіленген Қазақстан Республикасының аудандары.

2-бап

Мақсаты

Осы меморандумның мақсаты Қазақстан Республикасының аумағында Британ Күштерінің қатысуымен оқу-жаттығу өткізуге қатысты негізгі қағидаттарды айқындау және оларға ҚТҚ беру болып табылады.

3-бап

Ниегі

1. Егер өзгеше келісілмесе, осы меморандумда көрсетілген ҚТҚ беру Британ Күштерінің бастапқы құрамдас бөлігі Қазақстан Республикасының аумағына енген сәтінен бастап жүзеге асырылады және Британ Күштері мемлекет аумағынан толық шы қ қ а н ғ а д е й і н ж а л ғ а с а д ы .

2. Осы меморандумның ережелерін іске асыру Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап

Қазақстандық тараптың міндеттемелері

Осы меморандумның ережелері шеңберінде Қазақстан тарабы мыналарды қамтамасыз ету үшін рұқсат беруге және барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді:

белгіленген кіру пунктінде (-терінде) Британ Күштерін қарсы алу;
оқу-жаттығу өткізудің белгіленген ауданына Британ Күштерінің орнын ауыстыру;
кету пунктіне (-теріне) дейін Британ Күштеріне ілесіп жүру;
қабылданған оқу-жаттығу өткізу жоспарына сәйкес:

1) мақұлданған оқу-жаттығу өткізу жоспарларының негізінде және мемлекеттік рәсімдерді сақтай отырып, Британ Күштеріне Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануға рұқсат беруге жәрдем көрсету;

2) Британ Күштерінің оқу-жаттығуға қатысуы үшін қажетті техника, қару және оқ-дәрілерді Қазақстан Республикасына әкелуге, ел ішінде орнын ауыстыруға және одан шығаруға рұқсат беруге жәрдем көрсету;

3) Британ Күштерін Қазақстан Республикасына жарылғыш заттарды, оқ-дәрілерді, қаруды және басқа да жабдықтарды енгізуді, ел ішінде орнын ауыстыруды және одан әкетуді қауіпсіз жүзеге асыруға ерекше талаптар туралы хабардар ету;

4) Британ Күштерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы орнын ауыстыруына және кеден рәсімдерінен өтуіне жәрдем көрсету;

5) Британ Күштеріне ұсынылатын тауарлар мен қызметтер стандартты және кем дегенде Қазақстан Қарулы Күштеріне ұсынылатын тауарлар мен қызметтерге баламалы болып табылу мүмкіндігіне қарай кепілдік беру;

6) оқу-жаттығу өткізу ауданында болған кезде қауіпсіздік шаралары бойынша тиісті құжаттамамен қамтамасыз ету.

5-бап

Британ тарабының міндеттемелері

Осы Меморандумның ережелері шеңберінде Британ тарабы: осы Меморандумның ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының ресурстары мен жабдықтарын пайдалана отырып, оқу-жаттығуға қатысуға; осы меморандумның 6-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан тарабына Қазақстан Республикасының әскери билігі ұсынатын барлық материалдық-техникалық мүлік және қызметтер бойынша бірлесіп келісілген барлық шығыстарды өтеуге;

NATO-SOFA келісімінің ережелеріне сәйкес кедендік бақылаудан өту жөніндегі

Қазақстан Республикасының рәсімдерін басшылыққа алады;
оқу-жаттығу өткізу кезінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі барлық талаптары мен рәсімдерін сақтауға міндеттенеді.

6-бап

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қаржыландыру

1. Тараптар мынадай қағидаттарды сақтайды:

1) қаржылық есеп айырысуларды жүргізген уақытта Тараптардың бір де бірі қаржылық есеп айырысу уақытында ақшалай қаражатты аудару жөніндегі операциялардан ақша ұстамайды немесе пайда таппайды;

2) Британ Күштерінің атынан және есебінен жасалған Қазақстандық тараптың барлық сатып алулары бірдей сатып алулар үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне қолданылатын бағалар бойынша және нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

2. Егер соңғысы алдын-ала бағасын белгілеп, бұл туралы арнайы өтініш жасамаса, Қазақстан Республикасының әскери органдары Британ Күштерінің атынан қызмет көрсетулерге немесе кез-келген коммерциялық келісім-шарттар жасауға өтініш жасамайды. Коммерциялық азаматтық жеткізушілердің кез-келген жеткізулері мен қызметтері ресми келісім-шарттық негізде жүзеге асырылады.

3. NATO-SOFA Келісімінің тиісті ережелеріне сәйкес, оқу-жаттығуға қатысуға байланысты Британ Күштерінің талап еткен құралдары, жабдықтары мен азық-түліктері Қазақстан Республикасының аумағына кедендік баж салығын төлеусіз уақытша әкелінуі (әкетілуі) мүмкін.

4. Британ Күштері Қазақстан тарабына Алматы қаласындағы Ұлыбритания Елшілігінің әскери бөлімі мен Қазақстан Республикасының коммерциялық ұйымдары арасындағы жекелеген келісімдерде көрсетілген тауарлар мен қызметтерді ұсыну бойынша шығыстарын өтеуге міндеттенеді.

5. Британ тарабы барлық шот-фактураға қол қоюға (мақұлдауға) және жеткізу немесе қызметтер көрсету жүзеге асырылған күннен кейінгі 60 күннен кешіктірмей Британ Күштерінің әкімшілік аппаратына берілуі тиіс. Әрбір шот-фактура нақты қызметтерді (жеткізуді) және тиісті құнын көрсетуі тиіс.

6. Төлем Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің банктік шотына деректемелері Алматы қаласындағы Ұлыбритания елшілігінің әскери бөліміне берілуі тиіс Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

7-бап

Тәртіп және юрисдикция

1. Британ Күштерінің заңды мәртебесіне қатысты NATO-SOFA келісімінің 7-бабы қолданылатын болады.

2. Егер Британ Күштері жеке құрамының әскери қызметшісі Қазақстан Республикасының жергілікті органдарына тұтқынға түскен жағдайда, Британ Күштері басшылығы дереу хабардар етіледі.

8-бап

Кіру (кету) рәсімдері мен кедендік ресімдеу

1. NATO-SOFA келісімінің ережелеріне сәйкес Британ Күштерінің дайындық тобы мен ұшақ экипажын қоса алғанда, Британ Күштерінің мүшелеріне Қазақстан Республикасына (-нан) кіру (кету) үшін паспорттар немесе виза талап етілмейді. Дайындық тобын қоса алғанда, Британ Күштерінің әрбір өкілінде өзімен бірге жеке басын куәландыратын сәйкестендіру картасы болады және НАТО-ның жеке немесе топтық іссапар бұйрығында көрсетіледі.

2. Б р и т а н К ү ш т е р і :

1) дайындық тобының келуіне дейін кемінде 20 күн бұрын, Қазақстан Республикасына оқу-жаттығуға қатысатын жеке құрамының тізімін беруге;

2) дайындық тобының келуіне дейін кемінде 20 күн бұрын, оқу-жаттығуға қатысу мақсатында Қазақстан Республикасына әкелінетін қарудың, оқ-дәрілердің және байланыс құралдарының түрлерін толық сипаттайтын декларацияны Қазақстан Республикасына беруге міндеттенеді.

3. Британ Күштері осы баптың 2-тармағында көрсетілген осы тізімдерге өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады, бұл ретте осы өзгерістер мәлім болысымен Қазақстан Республикасын дереу хабардар етеді.

9-бап

Талаптар, шағымдар және міндеттемелер

Осы Меморандумның салдарынан немесе ережелерін іске асыруға байланысты немесе туындайтын талаптар мен шағымдарды NATO-SOFA келісімі 8-бабының ережелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының құзыретті органдары қарайды және реттеуге жатады.

10-бап

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік және сапар мәселелері Қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумның ережелеріне сәйкес реттелетін болады. Қазақстан Республикасы оқу-жаттығуды өткізу ауданына уәкілетті емес тұлғалардың рұқсатсыз енуін болдырмау жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Британ Күштері бөлімшелерінің жеке құрамының оқу-жаттығу уақытында жеке

қаруы мен оқ-дәрілерін алып жүруі Тараптардың келісімі бойынша белгіленген орында және уақытта жүзеге асырылады.

11-бап

Медициналық және стоматологиялық көмек

Кейінге қалдыруға болмайтын медициналық және стоматологиялық көмек көрсетуге қатысты Қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумның ережелері қолданылатын болады. Қазақстан тарабы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану жөніндегі мемлекеттік рәсімдерге сәйкес Британ Күштерінің медициналық эвакуациялау ұшағының Қазақстанның әуе кеңістігіне кіруіне қол жеткізуге кепілдік береді.

12-бап

Қайғылы оқиғалар, авариялар мен инциденттер

1. Осы меморандумның 7-бабының ережелеріне сәйкес Британ Күштерінің әскери қызметшілері қатысушылары болып табылатын қайғылы оқиғаны, апатты немесе инцидентті кез келген тергеуді Қазақстан тарабы жүргізеді, сонымен бірге Британ Күштерінің қолбасшылығы осы оқиғалар бойынша кез келген тергеу кезінде өз бақылаушысының қатысуын қамтамасыз етуге құқылы. Британ Күштерінің әскери органдарына қайғылы оқиға апат немесе инцидент хаттамасының көшірмесі беріледі. Британ Күштері өкілдерінің егер мұндайда Ұлыбритания заңнамасы талап ететін болса бұдан әрі ішкі тергеу жүргізуге құқығы бар.

2. Британ Күштерінің әскери қызметшісі қаза тапқан жағдайда қаза болу фактісін Қазақстан Республикасының дәрігері белгілейді. Қазақстан Республикасының тиісті құзыретті органдарына осы денені ашу қажет болса, Британ Күштерінің тағайындаған дәрігері Британ күштері әскери қызметшісінің денесін ашу кезінде қатысуға құқылы.

13-бап

Даулар мен келіспеушіліктерді реттеу

Осы меморандумды түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулар мен қайшылықтар тек Тараптардың арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі және кез келген мемлекеттік немесе халықаралық трибуналдардың немесе үшінші тараптың қарауына жатпайды.

14-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Осы меморандумға Тараптардың өзара келісуі бойынша осы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

15-бап

Меморандумның күшіне енетін және қолданысын тоқтату күні

1. Осы Меморандум оған екі Тарап қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар арасында оқу-жаттығу аяқталысымен және оқу-жаттығу өткізуге байланысты барлық мәселелер шешілгенде, Қазақстан Республикасының аумағынан Британ Күштері жеке құрамының соңғы мүшесі шығарылысымен/соңғы жабдықтау пункті шығарылысымен өз әрекетін тоқтатады.

Осы меморандум мерзімінен бұрын өз әрекетін мынадай жағдайларда тоқтатады:
екі Тараптың жазбаша келісуі бойынша;

Тараптардың бірінің басқа Тараптан оның әрекетін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап 28 күн өткеннен кейін.

2. Осы меморандум қолданысын тоқтатқан жағдайда тиісті баптары онда аталған барлық мәселелер толық реттелгенге дейін күшінде қалады. 6-баптағы (Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қаржыландыру), 9-баптағы (талаптар, шағымдар және міндеттемелер) пен 13-баптағы (даулар мен қайшылықтарды реттеу) ережелер барлық шоттар төленгенге және барлық шағымдарды, даулар мен қайшылықтарды реттегенге дейін күшінде қалады.

Осы меморандум 2004 жылғы "____" _____ қаласында қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы меморандумның ережелерін түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге сүйенетін болады.

Қазақстан Республикасының *Ұлыбритания және Солтүстік*
Қорғаныс министрлігі үшін *Ирландия Құрама Корольдігінің*
Қорғаныс министрлігі үшін